



Басты бет / Заңнама / Заңнама

2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 23 қарашадағы № 74-VII ҚРЗ.

Қайта оралу

2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2020 жылғы 31 қазанда Мәскеуде жасалған [хаттама](#) ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

**2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Ресей
Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр"
ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыш зымыран
кешенін құру туралы келісімге өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы хаттама**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

2004 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) [20-бабын](#) басшылыққа

құру туралы келісімнің 4-бабын орта келісім, 20-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің 3-бабының тоғызыншы абзацы алып тасталсын.

2-бап

Келісім мынадай мазмұндағы 4-2-баппен толықтырылсын:

"4-2-бап

Бірлескен кәсіпорынның бюджеттік кредит бойынша міндеттемелері жай акцияларды қосымша орналастыру және оларды бюджеттік кредит берген Қазақстан Тарапына беру арқылы Бірлескен кәсіпорынның жарғылық капиталына конвертацияланады.

"Роскосмос" ғарыш қызметі жөніндегі мемлекеттік корпорация және (немесе) оның ұйымдары өздерінің меншігіндегі және "Байқоңыр" кешенінің объектілерінде орналасқан "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенін құру үшін қажетті мүлікті Қазақстан Тарапына бере алады.

Берілетін мүліктің тізбесін және оны беру тәртібін "Байқоңыр" кешені жөніндегі Қазақстан-Ресей үкіметаралық комиссиясы бекітеді

Тараптардың құзыретті органдары құрған бірлескен комиссия мүлікті беруді және қабылдауды жүзеге асырады.

Мүлікті беру және қабылдау экспорттық бақылау саласындағы Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ресей Тарапының Бірлескен кәсіпорындағы өз үлесін Қазақстан Тарапымен тепе-теңдікке дейін жеткізуге құқығы бар".

3-бап

Келісімнің 5-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап

Тараптар орта класты тасымалдағыш зымыранмен "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінің ұшу сынақтарының басталуын 2023 жылы қамтамасыз етеді.

Тараптар саны жылына кемінде екі ұшырып "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінен "Союз-5" тасымалдағыш зымыранымен және оның ықтимал модификацияларымен ғарыш аппараттарын орбиталарға шығару бойынша коммерциялық тапсырыстарды орындауды бірлесіп қамтамасыз етеді.

Ресей Тарапы:

2025 жылға дейін "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінен "Союз-5" тасымалдағыш зымыранының кемінде үш сынақтық ұшырылуын жүзеге асыруды;

2025 жылдан бастап 2036 жылғы аралық кезеңінде саны жылына кемінде екі ұшырып "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінен "Союз-5" тасымалдағыш зымыранымен және оның ықтимал модификацияларымен ғарыш аппараттарын орбиталарға шығару бойынша тапсырыстарды орналастыруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Тарапы:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жобаларын іске асыру шеңберінде 2025 жылдан бастап 2036 жылғы аралық кезеңінде "Бәйтерек" ғарыш зымыран кешенінен "Союз-5" тасымалдағыш зымыранымен және оның ықтимал